

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында 2018 жылғы қаңтар-наурыз аралығында Қазақстан Республикасының ер азаматтарын тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2017 жылғы 30 қарашадағы № 13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда № 4429 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16 бабына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына а сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесіне 2018 жылғы қаңтар - наурыз аралығында тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім бірінші ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
қорғаныс министрлігінің
"Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданының
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің бастығы
2017 жылғы 30 қараша

Н.Есімов

Р.Р.Муратбеков